

ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!



Таныстырған 42 әріппен!

Фурманов орта мектебінде Диана Өміржанованың ұйымдастыруымен 1-сынып оқушыларының «Таныстырған 42 әріппен, қош бол менің қасиетті әліппем!» атты әліппемен қоштасу кеші өткізілді. Мереке мектеп басшысы Ақмарал Шалдыбайдың құттықтау сөзімен басталды.

Мерекелік шарада ақ жаулықты әжелереміз шашуларын шашты. Бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетіп,

ән мен жыр орындады. Сонымен қатар оқушылар өз білімдерін көрсету мақсатында мұғалім тарапынан қойылған сұрақтарға еш мүдірмей жауап беріп, алғырлықтарын байқатты. Өткізілген іс-шараға ата-аналар біркісідей атсалысып, бүлдіршіндердің өнерлеріне дән риза болды. Кішкентай ғана балғын балалар болашақта Отанымыздың бір кірпіші болып қалануына тілекшіміз!

Әсем ӘБІЛДИНА,
ата-ана.

